

ҚазҰУ ректоратының кезекті онлайн мәжілісінде 2020 жылғы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтер нәтижесі қорытындыланып, заманауи зерттеу орталығына трансформациялану міндеттері мен халықаралық рейтингтерде университетті алға жылжыту мәселесі күн тәртібіне шықты.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ ЖАСАЛАДЫ



Университеттің ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры міндетін атқарушы Тілекқабыл Рамазановтың баяндауынша, 2020 жылы ҚазҰУ-да жалпы қаржыландыру бойынша 435 ғылыми-зерттеу жобасы жүзеге асырылған. Оның ішінде ҚР БҒМ-нің 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы бойынша – 142, 2020-2022 жылдары жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыруы бойынша – 27, іске асыру мерзімі 27 айды құрайтын 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы бойынша – 38 және АҚ Ғылым қорының 10 жобасы қамтылған. Сондай-ақ халықаралық қорлар мен ұйымдардың гранттық қаржыландыруымен атқарылған басқа да жобалар бар.

Өткен жылы білім ордасында жүзден астам халықаралық және республикалық деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылды. «Әл-Фараби» жылы аясында халықаралық ұйымдармен, әлемнің жетекші университеттерімен, айта кетсек, Оксфорд, Ыстамбұл, София, Афина, Дамаск, Египет, Берлин, Цюрих, Вена, тағы басқа әлемдік оқу орындарымен бірге 60-қа жуық конференциялар, дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарлар ұйымдастырылды. Жыл сайын өтетін үздік студенттік инновациялық бизнес-идеялар байқауында ҚазҰУ білімгерлері мен жас ғалымдардың 70-тен астам жобасы таныстырылды. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың үш ғылыми журналы – «Химия», «Физика» және «Математика, механика және информатика» хабаршы сериялары Web of Science мәліметтер базасының индекстеу тізіміне қосылды. Бұл Қазақстан ЖОО-лары мен ғылыми-зерттеу институттары арасында ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

Атқарылған ауқымды жұмыстар легін қорытындылай келе Тілекқабыл Сәбитұлы алда тұрған міндеттерге де кеңінен тоқталды. «Зерттеу университетіне айналу жолында біз, ең алдымен, ҚазҰУ-дың

ғылыми-инновациялық қызметін жетілдіре отырып, қаржыландыру көздерін ұлғайту, университеттің 100% қатысуымен ЖШС үлгісінде кемінде 8 ғылыми-зерттеу институтын құру, «Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына – 30 инновация» жобасын жүзеге асыру және нарыққа шығару жұмыстарын атқару керекпіз. Сонымен қатар диссертациялық кеңестердің жаңа құрамына қойылатын талаптар да күшейтіледі. ҚазҰУ PhD докторы дипломының мәртебесін өсіру үшін олардың жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру жолдары да қаралады. Бұдан бөлек, мемлекеттік тапсырыс және университет бюджеті есебінен постдокторантура бағдарламасын қаржыландыру көлемін ұлғайту; Қазақстанның үздік жас ғалымдарын, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерден ҚазҰУ постдокторантурасына жоғары ғылыми-метрикалық көрсеткіштері бар ғалымдарды тарту; дайындықтың барлық деңгейлерінде білім алушыларды ғылыми-инновациялық қызметке 100% баулу; университеттің инновациялық технологияларын өндіріске енгізу үшін коммерцияландыру орталығын құру; ірі өндірістік компаниялармен бірлесіп инновациялық жобаларды іске асыру және инвестициялар тарту жұмыстары жоспарда тұр» деді өз сөзінде проректор.

Атап өтерлік жайт, әлемнің 1200-ден астам университеттерін бес пәндік бағыт бойынша сараптаған «QS World University Ranking by Subject 2021» пәндік рейтингі нәтижелері бойынша, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өз көрсеткіштерін жақсартып, позициясын нығайтты. Өткен жылмен салыстырғанда, «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» пәні бойынша 277-ден 156-шы орынға, «Әлеуметтік ғылымдар және менеджмент» пәні бойынша 351-ден 257-ші орынға көтеріліп, оң нәтижеге қол жеткізді.


Жалғасы 2-бетте

ЭЛЕКТР ҚҰБЫЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕЙТІН КЕШЕН

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары, оқытушылары мен инженерлері орта-арнайы білім беру мекемелеріндегі физика курстарында электр құбылыстарын және магнетизмді зерттеуге арналған инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешеннің шағын сериялы өндірісін әзірлеп, қолданысқа енгізді. ҚазҰУ жанындағы Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты даярлаған аталмыш кешен Қазақстанда бұрын-соңды шығарылмаған инновациялық жаңалық.

«Бұл отандық инновациялық өнімнің өзге өндірушілерден артықшылығы, біріншіден, көпфункционалы, бір мезгілде 20-дан астам зертханалық жұмыстарды атқара алады. Екіншіден, шағын әрі ыңғайлы, оны кез келген кабинетте қолдана беруге болады. Сондай-ақ заман талабына сай бірқатар баламалы өлшеу құрылғылары цифрлық нұсқаға ауыстырылған», – дейді жобаның Бас инженері – физика-математика ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, доцент Мерлан Досболаев.

Аппараттық-бағдарламалық инновациялық кешен электр тоғының кернеуін өлшеу, күшін өлшеу, тоқ күшінің кернеуге тәуелдігін анықтау, тоқ өткізгіштегі кедергіні өлшеу, өткізгіштерді параллель және тізбектей жалғау, диодты тізбекке қосу, ауыспалы кедергіні анықтау сияқты зертханалық жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Соған қарамастан оның көлемі небәрі – 40x30x15 см. Кешен сырттан электр күшін алмай-ақ дербес жұмыс істеуге қабілетті, аккумуляторлық батареямен жабдықталған. Толық зарядталған батарея кемінде 15 сабақ өткізуге жеткілікті. Зертханалық кешеннің базалық және кеңейтілген екі нұсқасы әзірленді.



Жалғасы 2-бетте

ЖАҢА ФИЛИАЛ
АШЫЛДЫ



3-бет

АБАЙТАНУҒА
АРНАЛҒАН
ЕЛУ ТОМДЫҚ



4-бет

ПАЙДАЛЫ
НӘТИЖЕ



5-бет

ЖАҢА ФИЛИАЛ АШЫЛДЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасы филиалы ашылды.



Таңбалы қорық-мұражайы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Алматы қаласынан 170 км солтүстік-батыста, Қарабастау кентінен солтүстік-батысқа қарай төрт км жерде орналасқан, жүзден астам әр түрлі уақыт аралығын қамтитын ескерткіштерді, 3000-ға жуық петроглифтерді құрайтын ЮНЕСКО-ның қорғауындағы ерекше нысан. Мұражай мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірлесіп атқаратын жұмыстары археолог, этнолог, музейтанушы мамандарды даярлауда маңызы зор болмақ. Жас ізденушілерді шыңдау үшін мұражай базасында өндірістік іс-тәжірибелер,

конференциялар, ғылыми-зерттеу жобалары, актуалды тақырыптарда семинарлар, шеберлікті шыңдау сабақтары, тренингтер өткізу және т.б. іс-шаралар жүзеге асырылатын болады. «Таңбалы» қорық-мұражайында археология, этнология және музеология кафедрасы филиалының ашылуы түрлі дәуірлердегі археологиялық ескерткіштерін бірігіп ғылыми-зерттеу жүргізуді, сонымен бірге Таңбалы шатқалының петроглифтерін зерттеуді, жартас суреттерінің тарихи-мәдени және палеоэкологиялық мағыналы мәтінін қайта құруды қамтамасыз етеді.

Тарих факультеті

СТУДЕНТТІК ДЕКАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

«Студенттік көктем – 2021» фестивалін ұйымдастыруға белсене атсалысқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ факультеттерінің студенттер декандары «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаевтың қолы қойылған дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды.

ҚазҰУ-дың тәрбие жөніндегі департаменті және студент жастар күшімен ұйымдастырылатын студенттік көркемөнерпаздар байқауы биылғы жылы онлайн режимінде өтті. Студенттік шығармашылық және өнер мерекесін жоғары деңгейде өткізуге байқаудың қатысушылар да, ұйымдастырушылар да бар күш-жігерін жұмылдырды. Студенттердің айтуынша, биылғы фестиваль, әсіресе оған дайындық өте қызықты болды. Студенттік декандар бастаған командалар жүлделі орын алу үшін фестиваль додасында аянып қалмады.

«Механика-математика факультетінің студенттері темірдей логикасымен, өзгеше ойлау қабілетімен ерекшеленеді, сондықтан фестивальге ең талантты, білімді дегендерді шақырдым. Оларға дайындық кезінде де, өнерлерін көрсеткенде де осы қабілеттері қатты көмектесті. Нәтижесінде, біз бірінші орынға қол жеткіздің, біздің еңбегіміздің лайықты бағаланғанын мен өте қуаныштымын», – дейді механика-математика факультетінің студенттік деканы Абзал Әріпов.

Фестиваль қатысушылары өздерінің еш жерде қайталанбайтын бейнесюжеттерді түсіруге және концерттік нөмірлерін дайындауға көп уақыттарын жұмсады. Мысалы, тарих факультетінің командасы күрделі ауа-райы жағдайына қарамастан алдын ала жазылған сценарий бойынша Ақмешіт үңгіріне арнайы барып түсіріп, бейнесюжет монтаждаған. Фестиваль тақырыптары – Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл және Наурыз мейрамына арналған. ҚазҰУ-дың тарих факультетінің студенттік деканы Нұрболат Өмірзақпын пікірінше, фестиваль алдын ала жоспарлап, көз алдарына елестеткен ойларынан да асып түскен.

Талантты өртістер шығармашылық құмарлықпен орындаған керемет ән-билерімен,

тамаша вокалдарымен, қайталанбайтын образдарды сомдаған сахналық ойындарымен қазылар алқасын тәтті етті.

Фестивальді қорытындылаған ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Жұлдыз Есімова факультеттің және бүкіл университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысқан барлық қатысушыларды құттықтады. Студенттік факультеттер декандарына: механика-математика – Абзал Әріповке, тарих – Нұрболат Өмірзақпынға, биология және биотехнология – Бейбарс Жиенғазиевке, философия және саясаттану – Мұсатай Ғасыржанға, филология – Сәния Саттароваға, шығыстану – Аида Мырзағалиеваға, география және табиғатты пайдалану – Меруерт Пралинаға, химия және химиялық технология – Нарғыз Қуанышбайға және халықаралық қатынастар факультетінен – Зарина Жақановаға ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевтың қолы қойылған дипломдар мен алғыс хаттар табысталды.

«ҚазҰУ-дың жастар ұйымдарының басшыларына және белсенді студенттік қауымдастығына фестивальді ұйымдастыру барысындағы зор еңбектері үшін алғысымды білдіргім келеді. Олар өздерінің командаларымен бірге студенттік байқауға қатысып, барлық кедергілерді еңсерді. Бұл университеттің студент жастарының мәдени-рухани дамуына, ел тарихына, ұлттық салт-дәстүрлерге ерекше көңіл бөлетіндігінің нағыз дәлелі. «Студенттік көктем-2021» фестивалі жай ғана конкурс емес, бұл студенттердің және бүкіл университеттің алдағы уақыттағы үйлесімді дамуының қанатты нысаны», – деді байқауды қорытындылаған ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Жұлдыз Есімова.

Гүл БАЯНДИНА

На сегодняшний день КазНУ имени аль-Фараби успешно и плодотворно сотрудничает со многими зарубежными странами. С 2009 года в КазНУ осуществляется реализация образовательных магистерских программ с выдачей двойных дипломов по ряду актуальных и востребованных специальностей магистратуры.

ДВОЙНОЙ ДИПЛОМ – БЛЕСТЯЩИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ!

Одним из зарубежных вузов, с которым сотрудничает КазНУ имени аль-Фараби, является Уральский федеральный университет имени первого Президента России Б. Н. Ельцина. Он входит в число ведущих университетов России, расположен в Екатеринбурге. Здесь обучаются около 35 000 студентов. Учебный процесс обеспечивают более 4 500 преподавателей, в числе которых более 650 докторов наук и около 2 100 кандидатов наук, более 30 членов государственных академий. Обучение осуществляется по 64 направлениям бакалавриата, 26 – магистратуры, 126 – специальностям аспирантуры и 42 специальностям докторантуры.

Программа для магистрантов факультета философии и политологии связана с превентологией – профилактикой зависимостей в молодежной среде. Она позволит решить проблемы специализированной подготовки кадров, на высоком уровне владеющих технологиями создания здоровьесберегающей среды. Студенты, успешно завершившие обучение по новой международной программе, получают сразу два диплома государственного образца: диплом УрФУ о присвоении квалификации магистра по направлению подготовки «Организация работы с молодежью» и диплом КазНУ – магистра по специальностям «Социальная работа» или «Социальная педагогика и самопознание» со специализацией «Превентология в молодежной среде».

Обучение происходит в уникальной среде международного индивидуального общения студентов, преподавателей, исследователей двух университетов, представляющих собой сообщество единомышленников, разделяющих общие академические ценности, и прежде всего, свободное выражение идей и мнений, академической культуры, свойственной лучшим университетским традициям.

В частности, у студентов перед глазами пример научно-исследовательской дея-

тельности их преподавателей и все возможности совместного общения и участия в ней: в ходе научных семинаров и работы тематических групп, при написании дипломных работ.

Защитить две диссертации не придется – программы гармонизированы и студенты защищают только одну диссертацию.

Программа двойного диплома также предусматривает участие магистрантов в международных научных конференциях, проводимых на базе УрФУ и КазНУ. Так ежегодно в УрФУ организуется Международная молодежная научно-практическая конференция «Инновационный потенциал молодежи», а в КазНУ – конференция молодых ученых «Фараби әлемі».

Основные преимущества программы двойного диплома:

- приобретаемый международный опыт обучения и коммуникации;
- интенсивная языковая подготовка;
- погружение в новую культурную и образовательную среду;
- два диплома за один и тот же период обучения;
- конкурентоспособность на рынке труда при трудоустройстве как в родной стране, так и зарубежом;
- преимущества при поступлении в зарубежные вузы на следующую ступень обучения.

Программа дудипломного образования зарекомендовала себя как эффективная система, обеспечивающая всестороннее качественное образование. Программа «Двойного диплома» – это уникальная возможность для студентов за два года получить две аккредитованные степени магистра.


Г.К. КАСЕНОВА,
магистрант 2 курса,

А.М. КУДАЙБЕРГЕНОВА,
научный руководитель, к.п.н.



АБАЙТАНУҒА АРНАЛҒАН ЕЛУ ТОМДЫҚ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының атқарып жатқан жұмыстарының үлкен бір бағыты – «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты көптомдықтың 50 томы жарық көрді.



2015 жылдан бастап Абай ғылыми-зерттеу институты «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» деген атпен көптомдық сериялық басылымды шығара бастады. Бүгінде осы сериялық басылымның елуінші томы оқырманға жол тартты. Басылым әрі қарай да жалғасады.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымы «Қазақ университеті» баспасынан жарияланды. Дербес ғылыми базаның қоры Абай институтының электрондық кітапханасы арқылы көпшілікке ұсынылды. Әдебиеттанудың бір бағыты деп саналатын абайтануды өз алдына дербес ғылым саласы ретінде өз тарихын қалыптастыру үшін бұл бастаманың рөлі зор.

Аталмыш басылымда Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы бойынша жарық көрген, уақыт сынынан өткен, тарихи және танымдық маңызы бар, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған, ғылыми негізделген абайтану саласындағы іргелі мәселелерді пайымдауға арналған еңбектер, ойлар мен толғаныстар хронологиялық ретпен жүйеленіп берілді.

Көп томдыққа қоғамдық және

гуманитарлық ғылым салаларында жарық көрген зерттеулердің ішінен іріктелген еңбектер топтастырылған. Сондай-ақ, 50 томдыққа Абай институтында 2015-2017 жылдар аралығында жүргізілген «Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» атты ғылыми жоба нәтижелерін жариялауға бірнеше томдар арналды.

Абай ҒЗИ Қазақстан Республикасы бойынша абайтану зерттеулерін үйлестіру, жариялауды жолға қойып отырған ғылыми мекеме ретінде бірнеше томдықты республика ЖОО-лары ғалымдарының монографияларын да қамтыды.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымы – қазақ әдебиеттану, қазақ абайтануы, жалпы қазақ руханиятына қосылған аса құнды қазына десек артық айтпаймыз.

Л. МҰСАЛЫ,

шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының профессоры м. а.,

Р. ТӨРЕХАНОВА,

шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушысы

Адамның ең қымбаттысы – өмірі. Ол адамға бір-ақ рет беріледі. Сондықтан оны «Қайран босқа өткен жылдарым-ай» деп өкінбейтіндей, барлық күш-қуатын дүниедегі ең тамаша іске, адам баласын азат ету жолындағы күреске жұмсалады деп айтарлықтай етіп өткізу керек.

АБАЙ БОЛУ – АДАМ БОЛУ!

Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да, қайырымды болуға тиіс. Тек сонда ғана оның осынау адам деген мәртебелі атпен аталуға құқы болады. Адамның ілгерілеу талабы неғұрлым биік болса, оның қабілеті, таланты соғұрлым өмірлі болып дамиды. Ақ көңілі сәбидей, сенгіш келер ұлы адам дегендей, адам жасампаз болмаса, ұлы да бола алмайды. Бөгде адамның жетістігіне қуана білмеген адамға әлеуметтік өмірдің мақсаты да жат. Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам. Қазіргі заманғы жастарды тәрбиелеу, оқыту, үйрету жұмысының бәрі де тәрбие нысанасы болу қажет. Тәрбиелеу адамның бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерді дамыту деген сөз.

Адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп өрнектеуге еңбек етеді. Адамның қолынан келмейтін ешнәрсе жоқ. Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адамның жүрегінен орын алады. Нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде болады.

Адам бола білу – ең қиын мамандық. Қарапайым адамдардың бәрі өздерінің адам екенін шын мәнісінде сезініп және өздерінің адамшылық абыройын шын мәнісінде құрметтей білген кезде ғана болашақ өмір бүгінгіге айналады. Бірлесе, ынтымақтаса, бір-біріміздің қатекемшіліктерімізді достық ниетпен шешуге тиістіміз. Адамның шын мағынасымен «Адам» болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай жалпы адамзатты сүюі шарт. Адамды, кісілікті терең ұғынған сайын кісі өзіне жақсы төреші бола алады.

Адамды тәрбиелеу демек, оның ертеңгі, қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу. Егер менен педагогикалық тәжірибеңізге бір сөзбен анықтама беріңіз деп сұраса, былай дер едім: адамға мүмкіндігінше көбірек талап қойыңыз, адамды мүмкіндігінше көбірек сыйлаңыз. Біздің тәрбиеміз – біздің өмір шындығымыз.



Абай мұрасы – таусылмас қазына. Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты ажыратуына көмектесетін күш. Егер адам бойындағы зиянды әдет-дағдыларды түп-тамырымен бір уақытта жою үшін аз да болса бар күш-жігерімен кіріссе, одан құтылу да қиынға түспес еді... Бірақ та қиыншылығы сонда – мысқалдап ұзақ уақыт енген жаман әдет-дағдыны құрту үшін, соншама ұзақ уақыт күресу керек болады. Абай дана айтқандай: Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек керек. Сондай-ақ, «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» деп айта отырып, «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», – дегенге көз жеткізді. Сондықтан Абай болу деген, ол Адам болу дегенді түсіндіргендей...

Адам болам десеңіз, Абайды оқы, студент!

М. МОЛДАБЕКОВА,
профессор,

М. ӘСЕМБАЕВА,
жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті

Абыз жырау Жамбыл Жабаевқа құрмет пен сыйластық бірден бұйырмаған. Ол жүрген ұзақ жол жігіттік-көшпенді шақтан ұлы ақынға дейін еді. Ол Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. Сондай-ақ, оның құрметіне көшелер аталды, ескерткіштер орнатылды. Алайда Жамбыл Жабаевтың өмірі туғаннан бастап қиындыққа толы болған.

Жас кезінде Жамбыл шулы ортаны, адамдар көп жиналатын жерлерді жақсы көретін, табыншылар мен шопандармен жиі уақыт өткізетін, өйткені олар көптеген көңілді әндер мен ертегілерді білетін. Сондай-ақ, кішкентай Жамбыл Жабаев өткеннің ұлы адамдары туралы аңыздарды және ескі аңыздарды қуана тыңдады. Ол домбырада ойнауды ерте үйренді. Ақынның анасы Ұлдан баланы қолдап, домбырада ойнау таланты ағасынан келгенін айтты. Әкесі ақынның еркіне қайшы. Ол ұлының хоббиін ұнатпады. 14 жасында Жамбыл ақын болуды шешеді. Бата алу үшін ол әкесіне барады, бірақ ол ұлының өтінішін қабылдамайды. Бас

Абыз жыраудың тағдыры



тартқанына қарамастан, Жабаев үйден кетіп, ақын Сүйінбайдың шәкірті болады. Алты жасынан ол 20 жасында тәуелсіз ақын болғанға дейін мұғалімдік тәжірибесін қатар алып жүрген. Содан кейін ол айтыстарда, ақындардың шығармашылық жекпе-жектерінде бірнеше рет жеңіске жетті.

Соғыс жылдары Жамбыл Жабаев "Ленинградтықтар, менің балаларым"

өлеңін жазды. Ақынның үндеуі блокадалық қала тұрғындарына сол қорқынышты кезеңді бастан кешіруге көмектесті. Бүгін Санкт-Петербургте оның есімімен аталатын жолақ бар.

1943 жылы соғыста Жамбылдың ұлы Алғадай қаза табады. Ол Украинадағы Синельниково қаласын азат ету кезінде қайтыс болды. Ал 1945 жылы 22 маусымда ақынның өзі өмірден өтеді. Жамбыл Жабаев өмірден өткеннен кейін ақынның соңғы жылдары тұрған үйінде мұражай ашылды. 1997 жылға дейін Тараз қаласы Жамбыл деп аталды, ал облыс әлі күнге дейін ұлы ақынның есімімен аталады. Ақынның ескерткіштері Қазақстанның көптеген қалаларында бар.

Жамбыл Жабаев ұзақ ғұмыр кешті. Алайда, қиындықтарға қарамастан, ол өзінің кәсібіне адал болды – адамдарға қуанышпен бақытты болашаққа үміт сыйлау. Ақынның шығармалары көптеген тілдерге аударылған. Олар Қытайда, Ұлыбританияда, Чехияда, Словакияда танымал. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрлері мен жанрларында көрініс тапты, ол халықтың ұлттық рухын жоғары көтерген ұлы тұлға ретінде танымал болды.

Жамбыл-эпикалық ақын, импровизатор, дана жыршы және әңгімеші. Өнер шебері ретінде ол азаматтық-саяси поэзияның қалыптасуына ықпал етті. Жамбылдың ұлылығы оның поэзиялық шеберлігінде ғана емес, сонымен бірге ол халық поэзиясындағы жаңа бағытты қалыптастырушы, халық ақындарының шығармашылық рухының шабытшысы. Оның сөздері ұрандарға айналды; оны халық поэзиясының атасы деп атады. Жамбыл, әнші-әңгімешілердің эпикалық дәстүрінің тереңдігін жаңа арнаға бұрып, ежелгі қазақ импровизация өнерінің жаңа қырларын ашып, оларға жаңа мазмұн берді. Жамбыл – адамдарды нәсілге және ұлтқа бөлмеген ақын-интернационалист. Жамбыл өлеңдері теңіз түбіне жайылған інжу сияқты. Біздің әрқайсымыздың оларды жинап, халыққа тапсыру азаматтық парызымыз, – деді Сәкен Сейфуллин.

Д. ТАҒЫБЕРГЕНОВ,
2-курс магистранты,

М. ӘСЕМБАЕВА,
жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті

ЗАМАНҒА САЙ МАМАНДЫҚ

Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындары әлемдік тәжірибеге сүйеніп, оқу жүйесінің өзіндік ерекшеліктерімен айшықталатын үздік университет аталуға лайық. Осы орайда, еліміздің алдыңғы қатарлы әлемнің үздік университеттері қатарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін ерекше атап өткен орынды.

Жаңа ғасырға қол созып, көш түзеген сайын саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени жаңалықтар мен өзгерістердің де орын алуына толық көз жеткізіп жүрміз. Әрине, әр саланың алатын орны және зерттеу алаңы (пәні) ауқымды, әрі шексіз болып табылады. Бірақ, мен бұл мақалада таныстырғым келіп тұрған, өзім ЖОО қабырғасында 4 жыл білім алып жатқан – дәл мәдениеттану ғылымының зерттеу объектілерінің спекторындай сан алуандылық басқа ғылым саласынан табылмас.

Өркениетті, дамыған елдердің алдыңғы қатарынан орын алу қоғамда болып жатқан түрлі материалдық, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, көркемдік т.б. процестермен тікелей байланысты. Осы аталған процестерді барынша қамтитын ғылымның кең ауқымды саласы мәдениеттану – мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын, оның өмір сүруінің принциптерін және бір-біріне этно-әлеуметтік, саяси-моральдық, ғылыми, көркемдік және тарихи сипаттамаларымен ерекшеленетін түрлі мәдениет түрлерінің өзара байланыстарымен, тәуелділіктерін зерттейтін жаңа заманның жаңа қоғамдық саласы.

Осы айтылғандар қазіргі заманғы ғылымдар жүйесіндегі мәдениеттанудың ғылыми пән ретінде алатын орны және оның алдында тұрған міндеттер жайында кейбір қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Адамзат баласы өз шешімін таппаған көптеген мәселелерге белшесінен батуы қазіргі заман мәдениетінің көп жағдайларда өз бастауын ұмыта бастағандығынан да болуы керек. Ендеше адамзаттың мәдени жаңғыруына бұл мәдениеттану пәнінің қосар үлесі де қомақты екендігін ескерсек, әлі де болса буыны бекімеген бұл жас ғылым саласының болашағы да зор болатындығына күмән келтіруге болмас.

Айсұлу НҰРСАИНОВА,
философия және саясаттану факультетінің студенті,

Мөлдiр ӘУЕЛТАЙҚЫЗЫ,
өндiрiстiк практика жетекшiсi

Жуырда университетіміздің оқу-әдістемелік және білім беру технологиялары басқармасы мен жаңа білім беру технологиялары институтының ұйымдастыруымен онлайн форматта «Құзыреттілікке бағытталған тәсіл аясында білім беру бағдарламасы және оқу пәндері бойынша күтілетін оқу нәтижелерін бағалау» атты 51-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

Конференцияның көздеген мақсаты – білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдау және түлектердің кәсіби біліктілігін қалыптастыратын құзыреттер жүйесі ретінде оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемелік тұжырымдамасы бойынша тәжірибе алмасу. Бұл жолғы конференция оқытушы-профессорлық құрамның басым бөлігін қамтыды. Қатардағы қатысушы ретінде пленарлық мәжілісте жасалған баяндамаларды тыңдай отыра білім беру мазмұнына қойылатын талаптардың өзгере бастағанын ұқтық. Әсіресе жаңа технологиялардың білім саласына ықпалы коронавирус пандемия жағдайында ерекше байқалады.

Баяндамалар ішінен тікелей оқыту процесіне қатысы бар субъект ретінде өзіне айырықша назар аудартқан идеялар қатарына оқу мақсаттарын бағалау үшін SOLO таксономиясы мен конструктивті үйлестіру концепциясын жасаған австралиялық педагог-психолог Джон Бервилл Биггстың дидактикасын жатқызуға болады. Бұл жерде біз бағалаудың оқытудағы рөлін айқын ұққандай болдық. Концепцияның негізгі мазмұны тек оқыту мен оқыту әдістерін ғана емес, сонымен қатар емтихан нысандарын қажетті оқу мақсаттарымен үйлестіру болып табылады. Оқу нәтижелерін бағалаудың кең спектрлері барын білдік және оны оқыту барысында қолдану студенттерді мотивациялайтын маңызды құрал екендігіне көзіміз жеткендей болды. Сондай-ақ біздерді білім беру бағдарламаны әзірлеудегі Назарбаев Университетінің тәжірибесі ерекше қызықтырды. Олардың әкімшілік тарапынан оқытушыларға еркіндік беруі және сенім артуы көңілге қонымды екен. Қағазбастылық пен оқыту мазмұнынан гөрі сыртқы форманы сақтауға мән

ПАЙДАЛЫ НӘТИЖЕ



беретін бюрократтық формализмнен жоғары тұратын басқару стилі көпшілікке тартымды үлгі болған сияқты.

Түстен кейін біріккен гуманитарлық ғылымдар мен әлеуметтік ғылымдар, әлеуметтік жұмыс (Философия және саясаттану, Тарих, Шығыстану, Халықаралық қатынастар факультеттері) мамандықтары секциясының жұмысына қатыстық.

Модераторы жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті, философия және саясаттану факультетінің әдістемелік кеңес төрайымы Майра Кабакова жүргізген іс-шарада өте қызу пікір алмасу орын алды. Баяндамашылардың бәрі құнды идеялар мен ұсыныстар айтты. Әр мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу ерекшеліктерімен таныстық. Біздің назарымызды ерекше аудартқан нәрсе университеттің әдістеме бөлімінің әзірлеген білім берудің жүйелі тұтас көрінісін беретін матрица амал-тәсілі (құралы). Әдетте үйлестірушілер мен әзірлемені дайындайтындар ғана хабардар болатын бұл құралды жай оқытушылар арасына таратқан жөн деген қорытындыға келдік. Құрылымдық-логикалық сызба мен технологиялық картаны жасаудың артықшылығы бірден байқалады. Бұл силлабус сапаларын арттыруға үлкен сеп болар еді. Цикл мен модуль, оқу жоспары мен жеке пән арасындағы орын алатын үзінді әрі байланыссыз жағдайды

жеңуге көмектеседі. Тік және көлденең сабақтастықты әр оқытушы біліп отырады. Жүйелік құзыреттерді қалыптастыру үшін қажетті құрал. Тек басшыларға ғана емес оны оқыту процесін тікелей жүзеге асыратын орындаушы буынға бұл құралдарды жеткізу маңызды деп есептейміз.

Гуманитарлық саладағы педагогтарды, әсіресе, оқытушы мен студенттің онлайн сандық әлемі туралы баяндама жасаған профессор С.А. Жәкішеваның сабақ жүргізу тәжірибесі үлкен қызығушылық туғызды. Жаңа ақпараттық технология жетістіктерін оқыту үдерісінде қолдану студенттердің танымдық мотивациясын арттыратын өзіндік құрал екендігіне көзіміз жеткендей болды. Жалпы біздің университетте оқыту үдерісіне дәстүрлі әдістер шеңберінен шығып шығармашылық тұрғыда келетін педагогтардың бары көңіл қуантты. Білім беру мен оқытуды өресі биік өнер дәрежесіне көтерген кәсіби шебер ұстаздарды көргенде осындай әдістемелік конференциялар арқылы өзара тәжірибе алмасудың пайдалылығы мен тиімділігін еріксіз бағалайсың. Конференция барысында жеке тұлға әрі педагог ретінде үздіксіз кәсіби жетілу мен кемелдіктің шегі жоқ екен ғой деген маңызды қорытындыға келдік.

Жарас СЕЙІТНҰР,
жалпы және қолданбалы психология кафедрасының оқытушысы

Компьютерлік лингвистика мамандығындағы магистранттарда оқытылатын «Корпустық лингвистика және компьютерлік құралдар» атты пәнімізді жаппай ашық онлайн курстағы (MOOC – massive open online courses) Coursera платформасында оқып бітіріп, сертификаттарымызды қолымызға алдық.

Жаппай ашық онлайн курстары (ЖАОК) қазіргі уақытта қашықтықтан білім берудің қарқынды дамып келе жатқан түрі. Ол пайдаланушылардың интербелсенді қатысуымен және интернет арқылы оқыту технологияларын қолдану мен оқыту курстары болып табылады. Әлемде көптеген оқыту платформалары бар, бірақ солардың арасындағы оң танымалы, ыңғайлысы, қолдануға ыңғайы – Coursera платформасы.

Миллиондаған адамдар қол жетімді жүздеген тегін курстарға жазылуда, оны әдетте Coursera-мен серіктес болған ондаған жетекші университеттердің профессорлары оқытады. Әріптестер

COURSERA ПЛАТФОРМАСЫНДАҒЫ МҮМКІНДІК

қатарына мектептер мен ірі, жоғары деңгейдегі мемлекеттік университеттер кіреді. Олардың толық тізімін көру үшін Coursera-дағы университеттер бетіне кіріп көруіңізге болады.

Coursera-2012 жылы басталған онлайн-білім беру қызметі, ол кез келген жеткіншектен бастап, ересек адамдар үшін онлайн режимінде оқытылатын курстарды ұсынады. Білімімді жетілдіремін деген кез келген адамға арналған. Барлық пәндер бойынша Coursera курстары қол жетімді және мыңдаған адам бір уақытта әрқайсысына таңдау жүргізе алады.

Осындай мүмкіндікті неге пайдаланбасақ? – деген қағидамен алғашқыда өз бетімізбен Coursera платформасына тіркеліп, онда білім беру бағдарламасында тіркелген сәйкес пәнді таптық. Біздің тараптан оқытылатын пән мен интеграциядағы Кореяның ғылым мен технологияны жетілдіру институтының (KAIST) дәріскері Seonmin Park ханымының «Big data and Language 1» пәні бойынша 70% сәйкестікті

шығардық. Тапқан пәнімізге тіркелу үшін пәннің ақылы екендігін білген соң, университеттегі ЖАОК-ге жауапты бөлімге хабарласып, университеттің Coursera платформасында оқу үдерісі үшін сатып алынған ҚазҰУ лицензиясы негізінде келісімді толтырып, кіруге рұқсат алып, пән бойынша ЖАОК оқу үдерісіне интеграциялау картасын жасап, факультеттің, университеттің әдістемелік кеңесінің ұсынысын негіздеп, пәнді Coursera платформасында тегін оқуға мүмкіндік алдық.

Осы орайда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің жоғары оқу орындарының алғашқысы болып, білім алушыларды қашықтықтан сапалы оқыту үшін 5000 лицензияға ие болғандығын атап өтсек болады. Сонымен қатар емтиханды қайта тапсыру бойынша нұсқаулықтың пысықталып, егер білім алушы нақты пән бойынша курсты табысты өткені және аяқтағаны туралы растаушы сертификатты өтеусіз негізде алса, онда оқыған пәні бойынша емтихан автоматты түрде есептелегіндігін, сондай-ақ

Coursera сертификатының Халықаралық деңгейдегі мәртебесі мен маңызының бар екендігін айтқымыз келеді.

Coursera-да Сіз теориялық және қолданбалы пәндердің барлық спектрі бойынша білім ала аласыз. Coursera платформасындағы курстар білім алушының оқуы мен белсенділігін арттыру үшін педагогикалық тәсілдер мен жасанды интеллект көмегімен көптеген зерттеулер жүргізеді. Нәтижесінде, Coursera білім алушыдан оқуды күшейту үшін белсенді әрекеттерді орындауды талап етуге негіздейді әрі жеке тұлғаға жауапкершілікті сезіндіреді.

С.Б. БЕКТЕМІРОВА,
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Е. КӘКІМЖАНОВ,
картография және геоинформатика кафедрасының PhD докторы

Тектіден текті туар...

ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультеті биотехнология кафедрасының профессоры Ажар Ахметқызы Жұбанова – 80 жасқа толды.



хатшысы қызметін қоса атқарып, 2000-2001 жылдары биология факультетінің деканы, 2001-2009 жылдары – микробиология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Профессор А.А. Жұбанованың Қазақстандағы жоғарғы білімді қайта құруда еңбегі орасан зор. Оның микробиология және биотехнология бағыттарына негізделген ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми әдістемелік оқу құралдары, ядролық физика Институтымен бірігіп жүргізілген «Экологиялық дүрбелеңнен кейінгі топырақ биоремедиациясы» курсының бағдарламасы Қазақстанның Сорос Фонды конкурсында жеңіске жетті. Ғалым-педагог А.А. Жұбанова бірнеше

рет Ресей, ҚХР, Испания, АҚШ, Пәкістан, Германия және т.б. мемлекеттерде өткен Халықаралық конференциялар мен тағылымдамаларға қатысқан. Аахен Университетінде (Германия) қолданбалы ғылымдар ғылымдарымен бірігіп 3 философия докторын (phD) дайындаған.

ҚР мекемелердің қаржыландыруымен жүргізілетін ғылыми жобаларға қатысып, үнемі ізденуінің арқасында А.А. Жұбанованың басқаруымен 20 кандидаттық, 5 докторлық және 5 PhD диссертациялары қорғалып, 300-ден астам еңбек басып шығарылды.

Ажар Ахметқызы Жұбанова марапаттарына тоқталатын болсақ, 2007 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» Мемлекеттік грантының, 2009 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген еңбегі үшін Күміс медаліне, 2016 жылы – Алтын медаліне, 2013 жылы Құрмет орденінің иегері аталды.

Бүгінгі таңда профессор А.А. Жұбанованың бастауымен 4 ғылыми жоба жүзеге асырылуда. Саналығұмырын сапалы білім, тәлімді тәрбие беруге арнаған дара туған Ажар Ахметқызының 80 жылдығына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің ұйымдастыруымен біріктірілген онлайн және офлайн түрде Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Биотехнологияның заманауи мәселелері: зерханалық зерттеулерден өндіріске» атты ғылыми жобалық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бұл ғылыми жобалық іс-шараға көптеген шет ел мемлекеттерінің, атап

айтқанда, Германия, Қытай, Ресей, Беларусь, Украина, Өзбекстан, Египет және т.б. зерттеушілері мен отандық ғалымдар, кәсіпкерлер қатысып, олардың ғылыми баяндамалары жарияланатын болады. Отандық және шет елден келген ғалымдар мен студенттер қазіргі заманауи дүниежүзілік биотехнологиялық ғылыми-техникалық мәселелер жайында өздерінің ғылыми маңызды тәжірибелерімен бөлісетін болады.

Құрметті біздің ардақты да, аяулы ұстазымыз Ажар Ахметқызы! Сіздің жоғары кәсіби шеберлігіңіз бен ғылымға деген адалдығыңыз әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің жүрегінде үлкен құрмет сезімін оятады. Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау демекші, Сіздің жетекшілігіңізбен бүгінгі таңда көптеген жоғары білімді шәкірттер тәрбиеленіп шықты. Сіз шәкірттеріңізге және ғылымға деген сүйіспеншілігіңізді жылдан-жылға тек арттырып келетін кемел ұстазсыз.

Бүгінгі мерейлі 80 жасыңыз құтты болсын, мерейіңіз әрқашан үстем болсын. Сізге жаңа үлкен ғылыми жетістіктер мен зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және дүниедегі бар жақсылықты тілегіміз келеді. Арамызда аман-есен жүре беріңіз!

Г.К. ҚАЙЫРМАНОВА,
б.ғ.к., доцент,

Д.К. КІРБАЕВА,
б.ғ.к., биотехнология кафедрасының оқытушылары

Білім және ғылым қазіргі қоғам дамуының ең басты факторы. Студенттік ғылыми-зерттеу тағылымы – алынған білімді, қабілетті және дағдыларды тәжірибеде қолдана алатын және ғылыми зерттеу жұмысын жоғары деңгейде тұжырымдайтын жоғары білімді мамандарды даярлау сапасын арттырудағы маңызды құралдарының бірі. Ғылым адамға мақсатқа жету жолын нұсқайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультеті физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының магистранттары академиялық іс-сапар бағдарламасы бойынша Лион-1 Клор Бернар университеті (Франция), Новосібір мемлекеттік техникалық университеті (Ресей), Ка-Фоскари университеті (Грекия), Ұлттық ғылыми зерттеу орталығы «Демокритос» (Италия), Гази университеті (Түркия), Токио университеті (Жапония), Санкт-Петербург мемлекеттік техникалық институты (Ресей) секілді ірі білім және ғылым ордаларынан шетелдік тағылымдамдан өтеді.

Атап өтсек, ғылыми-зерттеу тағылым барысында Новосібір мемлекеттік



техникалық университетінде «Функционалды материалдардың химиялық технологиялары» атты V Халықаралық Ресей-Қазақстан ғылыми-практикалық конференциясы өткен болатын.

Конференцияны ұйымдастырушылар Новосібір мемлекеттік техникалық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасы. Конференция Ресей мен

Қазақстанның ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерінен материалдарды синтездеу және зерттеу саласындағы жетекші мамандардың қатысуымен өтті. Іс-шара шеңберінде студенттердің, аспиранттардың және жас ғалымдардың үздік баяндамаларының сайысы өткізіліп, алыс және жақын шетелдерден келген жас ғалымдардың баяндамалары тыңдалды және түрлі деңгейде сұрақтар қойылып, ғылыми жұмыстар талқыланды. Ғылыми конференция жоғары дәрежеде өтті. Конференцияға қатысу арқылы магистранттардың өзіне деген сенімділігі артып, білімі шыңдала түседі. Болашақта жас ғалымдарды алға тартатын, үлкен серпін беретін осындай тағылымдар шеңберінде іс-шаралар көбейе берсе қабілетті және жоғары білімді мамандар даярлауда оң ықпалын тигізеді.

Е.А. ӘУБӘКІРОВ,
физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының профессоры,

Н.Т. СМАҒҰЛОВА,
физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доценті

ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде итальян ақыны, әдеби итальян тілінің негізін қалаушылардың бірі Данте Алигьериге арналған халықаралық симпозиум өтті

ФИЛОСОФИЯНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ



Жоғары оқу орындарында оқытылатын философия пәнінің маңызы зор. Ол пән ретінде студенттердің дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру формасы болып есептеледі.

Даналық ілімінің әр тарауы – өмірлік таным дүниесін кеңейтіп, болашаққа ұмтылдырады. Танымы кеңейіп, санасы сергек болған маманның биік асқарларға ұмтылары анық. Философия сол жолдың шырақшысы. Күнделікті семинар сабақтарымызда, біз философиялық білімді жан-жақты кеңейте түсеміз. Кезекті оқу бағдарламасында химия және химиялық технология факультетінің 2-курс студенттерімен осы бірегей пәннің артықшылықтарын талқылап, өз ойларын қағазға түсіруді өтінген едік. Ендеше, даналық әліппесін оқып бастаған студенттеріміздің пікірлерін ұсынғанды жөн көріп отырмын.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,

PhD докторы, философия кафедрасының оқытушысы



Пифагор енгізген «философия» сөзінің өзінде бұл ғылым біздің әрқайсымыздың өмірімізде неге маңызды орын алады деген сұраққа жауап бар. Өйткені, бұл терминнің сөзбе-сөз аудармасы «даналықты сүю» дегенді білдіреді.

Адамның өмірі қысқа. Біз ең маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Түсірудің объектісі – әлем: ғалам, қоғам, адам. Сондай-ақ, әлемнің негізгі себебі, бәрінің бастауы, әдетте «құдай» сөзі деп аталады. Әр адам өз өмірінде өздігінен немесе саналы түрде дүниетанымын қалыптастырады. Әрине, әр адам әлемді дұрыс, объективті түрде көруге тырысады. Адам әлемді әртүрлі тәсілдермен түсінеді. Ең алдымен, эмпирикалық тұрғыдан, бес сезімді қолданып, келіп түскен ақпаратты ақыл-ой көмегімен өңдеу. Әлемді ойлау, сондай-ақ онымен қарым-қатынасқа белсенді түсу. Бұл жеке эмпириялық тәжірибе. Философия осы мәселелерді дұрыс шешуге, тұлғаны қалыптастыруда қажет дүниетанымдағы стихиялы түрде қалыптасқан көзқарастарды өзгертуге көмектесуге шақырады.

Философияның адам мен қоғам өміріндегі рөлі, ол барлық пәндердің жетістіктерін үйлесімді түрде біріктіреді және біздің әлем туралы біліміміздің жүйесін құрайды. Философиялық көзқарастар басқа білім саласындағы ашылуға байланысты өзгереді. Менің ойымша, философия – белгілі бір салалардағы жетістіктерді пайдалана отырып, белгілі бір «әлем картасын» құратын «байланыстырушы буын», сол себепті адамзат үшін маңызды орынға ие.

Дамир НҰРҒАЛИЕВ,

фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығының 2-курс студенті



Философияның адам мен қоғам өміріндегі маңызы аса зор. Философия жеке адамның, әсіресе, жоғары оқу орында білім алушы маманның тұлға ретінде қалыптасуына, адамға өмірлік бағыт-бағдар бере отырып, дұрыс, ақылды ойлай білуге, өзі туралы тереңірек ойлануға маңызды ықпал етеді. Ол өзінің өткенін ешқашан жоққа шығармайды, керісінше, оны саралап, өзінің болашақ дамуына қажетті ой-пікір, көзқарас, идеяларды алып отырады.

Менің ойымша, философияның қоғамдағы, адам өміріндегі рөлі туралы айта келіп, ұғымдар әлемінде өзімен-өзі өмір сүруші, біздің танымымызды тарихи тұлғалардың шығармалары, тағдыры, мінез-құлқы, өмір салты арқылы ашылатын өмірлік құндылықтармен толықтырып, бұрынғыдан әлдеқайда жоғары деңгейде түсінуге жол таба отырып, адамның бойында еркін ойлау принциптерін қалыптастыруға ерекше ықпал етеді, себебі философия – рухтың жоғарғы еркіндігі саласы және философия тарихы еркін ойлау мен еркін өмір сүрудің адамзат үлгілеріне толы. Философиялық ой көпшілікке түсінікті болған жағдайда бүкіл адамзаттың бейнесін өзгертпек.

Жоғары білім беру саласында дайындалған маманның кәсіптік деңгейімен бірге адамгершіліктің рухани және әлеуметтік келбетінің де биік болуы қазіргі кезеңде ерекше өзекті. Осы тұрғыдан алғанда университет қабырғасына білім алушы жастардың қарапайым индивид-пенде емес, өзіне, қоғамға, өмірлік процестерге деген терең көзқарасқа ие тұлға болып қалыптасуына айқындаушы әсер ететін философия ғылымы талаптарының маңызы арта түсіп отыр. Философиялық тұлғалардың, К. Ясперстің сөзімен айтсақ, «философия кеңістігіндегі субстанциялардың» қайталанбас дүниесіне үңілу, жеке өмірі мен шығармашылығын талдау, тіпті кейбір биографиялық кезеңдеріне назар аудару танушы субъектінің тұлғалық қалыптасуына маңызды әсер етеді. Мысалы, Абай, Шәкәрім және тағы басқа ойшылдардың ақиқатқа жету жолындағы адами және ғылыми тазалығы философиялық ізденіске деген құштарлығы мен құрбандығы жастарға ой салып, олардың тұлғалық келбетінің қалыптасуына оң әсер ететін сөзсіз. Өз ойымды қорыға келе, философия ғылымы адамға өзі өмір сүріп отырған орта табиғат пен қоғамның даму заңдылықтары туралы, өзінің осы жүйеде алатын орны, өмірі, өмірлік мақсат-міндеттері туралы жан-жақты теориялық білім беретін, адамның көзқарасын қалыптастыратын, сонымен қатар практикалық сипатқа ие, қазіргі заман адамына аса қажетті ғылым болып табылады.

Ажар САУХЫМБЕКОВА,

фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығының 2-курс студенті

Философия – барлық білім саласының басын қосатын ұлы ғылым, даналықтың негізі. Сондықтан да адамның адам болып қалыптасуы үшін, рухани құндылығының жоғары болуы үшін де философия ғылымының мәні зор деп ойлаймын.

Адамның дүниені танудың алғашқы түрлері – дүниені сезіну және дүниені қабылдау, түйсіктермен байланысты болады. Әрбір адам дүние есігін ашқаннан дүниені танып біле бастайды, заттар мен құбылыстар жайында білімдер жинақтайды. Дүниені сезіну мен қабылдау адам өмірінде маңызды орын алады, өйткені адам өмірі осы айналадағы дүниені қалай қабылдауына байланысты.

Дүниетаным дегеніміз – адамның дүниені түсіну, оны бағалауы, сенімі, ой-пікірлері мен құндылықтарының жиынтығы. Кейін, адамның білімдері мен сенімдері біркелкі жинақтала келіп, дүниенің өзгерісі мен дамуы туралы кең көлемді көзқарас, ой-пікірге айналады. Осы сәтте құндылықтарды бойымызға жинап, мықты сенім қалыптастыру – адамның мәні деп білемін.

Кез келген екі адам көрген затты екі түрлі қабылдауы мүмкін, осы кезде бұл дүниені жақсы жағынан қабылдап, бұрыс тұстарынан сабақ ала білу – бұл адамның философиялық ілімінің биік екенін білдіреді. Міне, сондықтан да адам өмірінде философияның маңызы зор деп ойлаймын.

Философиялық түйсігі, білімі жақсы қалыптасқан, өмірді түсініп, қабылдаған жан ғана қайғыны, өмірдегі түрлі сәтсіздіктерді еңсеріп, бақытты өмір сүре алады деп ойлаймын. Адам өмірінің мәні бақытта емес пе?! Ал ендеше, осы бақытты көре алу үшін, философия ғылымының рөлі жоғары деп түсінемін.

Айхан ЕСМҰРЗА,

фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығының 2-курс студенті



Философия өзінің барлық қырларында білімнің таусылмайтын қайнар көзі ретінде адамға, қарабайыр болмысқа, заттарға белгілі бір түсінік беруге тырысады. Ал, осы философияның біздің өміріміздегі рөлі қаншалықты? Иә, әр адамның философияға тікелей қатысы бар. Бірақ ол әр адамды философ деп атауға болады деген сөз емес.

Философия, біз білетіндей, әлем танымының ерекше формасы, ол ең жалпы сипаттамалар туралы, ақиқат жалпылама тұжырымдамалар мен шындықтың (болмыстың) және танымның, адам туралы, адам мен әлемнің қарым-қатынасы туралы білім жүйесін дамытады. Философия өзінің бүкіл тарихында зерттеу ретінде қарастырылды. Әлем мен қоғам дамуының жалпыға ортақ заңдылықтары, таным мен ойлау процесін зерттеу, сонымен қатар моральдық категориялар мен құндылықтарды зерттеу.

Бүкіл ғылыми жүйелердің көнесі – философия. Ол қауымдық құрылыс ыдырап, қоғам құл иеленушілік дәуірге аяқ басар мезгілде, мифологиялық-діни түсініктермен күрес барысында қалыптасты, сол кездегі пайда болған барлық білімнің басын құрады.

Біздің, яғни адамдардың философиядағы орны қандай? Осы сұрақ бәрін ойландыратыны анық. Адам философиясын зерттеу әлеуметтану, психология, физиология, педагогика, медицина, т.б. ғылымдардың нысаны болып табылады. Адам мәселесі, оның пайда болуы, өмірде алатын орны, тіршілігінің мәні мен мақсаты адамзат танымының формалары – эпсаналардағы (мифологиядағы), діндегі, философиядағы, ғылымдағы ең негізгі мәселе Адам баласының пайда болуы мен дамуы тікелей философиямен тығыз байланысты.

Адам философия, әлеуметтану, психология, физиология, педагогика, медицина және т.б. ғылымдардың нысаны болып табылады. Адам мәселесі, оның пайда болуы, өмірде алатын орны, тіршілігінің мәні мен мақсаты адамзат танымының формалары – эпсаналардағы (мифологиядағы), діндегі, философиядағы, ғылымдағы ең негізгі мәселе.

Философия өзінің бүкіл тарихында зерттеу ретінде қарастырылды. Әлем мен қоғам дамуының жалпыға ортақ заңдылықтары, таным мен ойлау процесін зерттеу, сонымен қатар моральдық категориялар мен құндылықтарды зерттеу.

Аяжан ТӨЛЕУБАЕВА,

фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығының 2-курс студенті



«Студенттік көктем-2021» фестивалін ұйымдастырып, белсенділік танытқан 10 факультеттің студенттік декандары ҚазҰУ ректоры қол қойған диплом мен құрмет грамоталарымен марапатталды

